Аталмыш шараға Өзбекстан Республикасының Алматыдағы Бас консулы Аброр Фатхуллаев, ҚР Ұлттық кітапханасының директордың орынбасары Ажар Юсупова, ҚР Ұлттық кітапханасының ғылыми хатшысы Болат Жүнісбеков, ҚР Ұлттық кітапханасы «Әлем әдебиеті» қызметінің жетекшісі Салима Тұяқова, ҚР Ұлттық кітапханасы «Қазақстан кітаптары» қызметінің жетекшісі Мадина Жаркналова, ҚР Ұлттық кітапханасының қызметкерлері, топ жетекшісі Құттыкыз Қасымбекова, кітапханашылар Гүлбаршын Бахина, Динара Ағыманова, Иран-Тұран орталығының директоры ф.ғ.к., доцент Ислам Жеменей және Шығыстану факультетінің деканы Ықтияр Палтөре, Түрксой кафедрасының меңгерушісі Үміт Қыдырбаева, кафедра меңгерушісінің оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Эльмира Монтанай, кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық және халықаралық қатынастар бойынша орынбасары Нұржігіт Абдуқадыров, Түрксой кафедрасының оқытушы-профессор құрамы және 1-4 курс студенттері қатысты.

Кештің мақсаты - мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев пен Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың атап өткеніндей, «2019 жыл – Өзбекстандағы Қазақстан жылы» аясында және алдымыздағы жыл «Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы» қарсаңында Абай мен Ә. Науаи шығармаларын дәріптеу, жастардың санасына сіңіру және еліміздің рухани мәдениетін жаһандық форматта ілгерілету.

Кеш екі бөлімнен тұрды. Кештің бірінші бөлімінде сөз алған Өзбекстан Республикасының Алматыдағы Бас консулы Аброр Фатхуллаев Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттерінің арасындағы достық, туыстық қарым-қатынастарға тоқтала отырып, Әлішер Науаидың шығармаларынан сөз етті. Қ.Р. Ұлттық кітапханасының ғылыми хатшысы Болат Жүнісбеков және Иран-тұран орталығының директоры ф.ғ.к., доцент Ислам Жеменей Абай Құнанбайұлының тұлғалық қасиеттері мен шығармалары туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қорынан кітап көрмесі ұйымдастырылып, Абай және Науаидың еңбектері таныстырылды.

Кештің екінші бөлімінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының 3-4 курс студент Абай шығармаларынан «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Әсемпаз болма әрнеге» секілді өлеңдері мен Ә.Науаидың «Оразин ёпкач кўзимдин», «Ошиқ ўлдум», «Мубтало бўлдим санга» атты ғазалдарын оқыды. Сондай-ақ, «Көзімнің қарасы» әні шырқалып, Алматы қаласының Өзбек этно-мәдени орталығының бишілер тобының орындауында өзбек билерінен попури тамашаланды.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған,
Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, – деп тәрелігін өзі шешкен ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, батыс пен шығыс мәдениетін тоғыстырып, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген Абай мен өз дәуірінде түркі мен парсы-тәжік көркем сөз жетістіктерін терең игерген, Өзбек жазба әдебиетінің негізгі қалаушы, өзбек поэзиясының ірі тұлғасы, бастау алатын бал бұлағына айналған кемеңгер ақын Әлішер Науаи кеші жастарға үлгі-өнеге боларлық әсер қалдырып, рухани азық болады деген сенімдеміз.

**А. НАЗАРОВА,**
**Г.ТЕМЕНОВА,**
*Түрксой кафедрасының куратор-эдвайзерлері*

# ҰЛЫ АҚЫНҒА ҚҰРМЕТ

**Әскери кафедрада қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай әскери кафедрада білім алып жатқан студенттермен және Алматы электромеханикалық колледжінің оқушыларымен "Ұлы Абай" атты музыкалық-әдеби кеш өтті.**




Іс-шараны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әскери кафедрасының бастығы запастағы полковник О.В. Ажимов ашты, ол Қазақстан жастарын патриоттық тәрбиелеу ісінде Абайдың шығармашылық мұрасын зерделеудің маңыздылығын атап өтті.

Бұл іс-шараның мақсаты-отаншылдық пен Отанға деген сүйіспеншілікті, ұлы ақынның шығармашылық мұрасын насихаттау, қазақ халқының мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.

Абайдың кештері студенттер мен мектеп жастарының шығармашылық әлеуетін ашуға, мәдени деңгейін арттыруға, сондай-ақ олардың қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Іс-шара барысында әскери кафедра студенттері мен оқытушыларының орындауында Ұлы Абайдың танымал өлеңдерін қолдану арқылы музыкалық-әдеби нөмірлер қойылды.

«Аққу күйі — халық күйі», «Балбыраууын күйі», «Адай күйі» - танымал қазақ күйлерін студенттер Данияр Матанов, Азамат Тілеухан, Марғұлан Тұрғұмбаев, Закарин Нурмахан орындады.

Әскери кафедраның аға оқытушысы запастағы полковник Б. М.Иханбаевтың және студенттер Пазыл Шыңғысхан, Мырза Ернат, Садвакасов Казбектің орындауында өлеңдер шын ниетпен оқылды.

Кеш соңында қатысушылар "Қара жорға"халық биін орындады.

Іс-шараны қорытындылай келе, әскери кафедра бастығының орынбасары запастағы полковник М.Р. Тоекин, Алматы электромеханикалық колледжінің әкімшілігіне Абайдың өлеңдер жинағын табыс етіп, оқу эстафетасын тапсырды.

**Әскери кафедра**

**ҚазҰУ-дың бейіндік мектебінің білім алушылары «Мен ҚазҰУ-дың болашақ студентімін» атты мәдени-танымдық шараға қатысты.**

# МЕН БОЛАШАҚ ҚАЗҰУ СТУДЕНТІМІН

Шара бейіндік мектептің директоры Ботагөз Кульжанова құттықтау сөзімен ашылды. Директор шараның мақсаты мен міндетін айтып, бейіндік мектептің құрылу тарихымен, ұлттық рейтингтің көшбасшысы болып отырған университеттің, мектептің жетістіктерімен, университеттің жарғысының қысқаша мазмұнымен таныстырды. Келесі сөзді алған ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Молдахмет Мырзабеков университеттің отандық қана емес, әлемдік жоғары оқу орындарында арасында жетекші білім ордасы екенін, сонымен қатар QS рейтингісі бойынша әлемдегі Топ-800 ЖОО-ның ішінде 207-орынды иеленіп отырғанын және де ендігі меже 200-дің ішіне ену екені туралы айта келе, бейіндік мектептің ұстаздар ұжымы мен білім алушыларын мемлекеттік гранттың иегері болуымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Университет пен факультет басшылығының, мектеп директоры Ботагөз Кульжанованың грантты жеңіп алу барысында атқарған еңбектерінің ерен болғандығын атап өтті. Университет пен мектептің ардагері, биология ғылымдарының кандидаты, ҚР білім беру ісінің үздік ұстазы Роза Қаупенбаева мектеп ұжымын, ата-аналарды, бізді, министуденттерді, қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде құттықтап, жақсы оқып, еліміздің дамуына өзіндік үлесін қосатын азамат болуымызға тілек білдірді.

Мәдени-танымдық шара барысында әрбір сынып өздері дайындап әкелген концерттік нөмірін сахналады. Өнерпаз жолдастарымыздың өнерін, әсем әндері мен мың бұралған билерін тамашаладық. Шара соңында мектеп директоры Ботагөз Кульжанова және сынып жетекшілері бізге сынақ кітапшасы мен университеттің ID картасына қоса сыйлыққа университеттің атаулы блокнотын ұсынды. Осы кезде, мен өзімнің қатардағы мектептің жай оқушысы емес, әйгілі университеттің болашақ студенті екенімді сезіндім. Ұстаздарымыз тектен-тек бізді – министудентсіңдер айтпайтынын, бұл сөздің артында үлкен жауапкершілік жатқанын терең түсіндім.

**Тоқтар МҰХАНБЕКҰЛЫ,**
*ҚазҰУ бейіндік мектебінің 8-сынып оқушысы*

**На военной кафедре КазНУ прошел литературно-музыкальный вечер посвященный 175-летию Абая**

# ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРІК БАҚАНЫ

**ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде қоғам және мемлекет қайраткері, жазушы-журналист, Журналистер академиясының президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаевтың 75 жас торқалы тойына орай «Бұқаралық коммуникацияның отандық жүйесі: үндеулер, үрдістер, мүмкіндіктер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Мерейтойлық жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар мен жазушылар, ғалымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.**





Профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев – Қазақстан ғылыми журналистикасының негізін қалаушылардың бірі, белгілі қаламгер, ғалым және еліміздің журналистика саласындағы бірнеше ұрпақтың, мыңдаған БАҚ қызметкерлерінің ұлағатты ұстазы. Журналистердің қара шаңырағы саналатын Журналистика факультетінің құрылғанына биыл 85 жыл болса, Сағымбай Қозыбаев соның қабырғасында табаны күректей 45 жылын өткізіпті. Осы жылдардың ішінде 7 ғылым докторына, 26 кандидатқа ғылыми жетекшісі болды, 54 кітаптың авторы, Қазақстан Журналистер одағының 6 мәрте лауреаты атанды. Қазақстанның саяси ғылымдар академиясының академигі, Еура¬зия Халықаралық экономикалық академиясының академигі, Қазақстан Журналистер академиясының президенті деген атақтары бар. Сағымбай Қозыбаевтың жазған эсселеріне, 200 беттік библиографиялық сілтемелеріне қарап отырып ғалымның үнемі ізденісте жүргенін көреміз.

Иә, 85 жыл факультет үшін бір мезет қана, ал адам өмірінде 75 жас аз уақыт емес. Сағымбай Қозыбаевтың 1974 жылдан бергі өмірі осы факультетпен біте қайнап, бірге өтіп жатыр. Бір заманда Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Санжар Аспандияров сияқты қазақ әдебиетінің классиктері дәріс оқыған кафедраға кейіннен олардың өкшелерін басқан Қайыржан Бекхожин, Зейнолла Қабдолов, Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Әбілпейіз Ыдырысов, Абдул-Хамид Мархабаев, Марат Барманқұлов, Намазалы Омашев секілді профессорлар шығып сабақ берді. Сағымбай Қозыбаевтың ортасы осындай. Еліміздегі барлық танымал журналистер, қоғам қайраткерлері мен саясаткерлер осы кісілердің алдынан өтіп, білім алды. Сондықтан, бұл факультеттің тарихын тереңде жатқан дәстүрлі журналистика мектебі деуге болады. Бүгінде факультеттегі жасы үлкен ақылшысы, бүкіл журналистиканың тарихын жатқа білетін шежіреші профессор Сағымбай Қозыбаевты «қара шаңырақтың берік бақаны» деп айтсақ артық емес.

Сағымбай Қабашұлымен 80-ші жылдардың аяғында таныстым. Бізге, қазақ бөліміне сабақ бермегенмен сол кезден бастап аға-іні ретінде жақын араластық. Гоголь мен Панфилов көшелері қиылысындағы үйдің бір бөлмесі кітапхана болатын, төрт қабырға төбеге дейін толған кітапты көріп қызығатынбыз. Сағымбай Қабашұлы – адамды өзіне бірден үйіріп, баурап алатын өте қарапайым, жаны сезімтал, бойынан ізгілік пен инабаттылық есіп тұратын өте зиялы азамат. Шәкірттеріне айтары мол, кемеңгер ақылшы, әкедей қамқоршы адам ретінде студенттер оны қатты сыйлайтын. Қашан көрсеңіз де ақжарқын қалпы, адамның іші-бауырына кіріп, хал-жағдайын сұрап, өзін толғандырған мәселелерді ортаға салады. «Журналистер аудиториядан тыс жерлерде жүріп те ұстаздарынан сабақ алады. Сендер алдымен адамдармен қалай сөйлесіп, қалай ақпарат алуды үйренулерің керек. Университет қабырғасынан теорияны ғана алып шықпай тәжірибе де алу керек, ол үшін редакциялармен үнемі байланыс жасаңдар» деп кеңес беретін ұстазымыз.

Бұл кезде оның қырықтан енді асқан кезі. ҚазҰУ-ге (ол кезде бұл оқу орнын барлығы КазГУ деп атайтын) оқытушы болып келгеніне он шақты жыл болған. Оған дейін Қазақ радиосында бас редактордың орынбасары, Бүкілодақтық радионың Қазақстандағы тілшісі болып жұмыс істеп, журналистік сапармен ел аралап, жер көріп мод тәжірибе жинаған, майталман журналист екенін қалың жұртқа мойындатқан. Докторлық дисертациясын Мәскеуде басылым, радио, теледидар тарихы бойынша қорғаған бірінші тарих ғылымдарының докторы. Сол жылдардың өзінде ол әлемдік журналистикаға танымал бола бастады. 1987 жылы Сағымбай Қозыбаевты Германияның ЖОО лекция оқуға шақырды, кейін 1993 жылы АҚШ-қа барып 9 штаттағы университеттерде дәріс оқыды. Одан кейінгі жылдарда Түркия, Сингапур, Ресей, Өзбекстан жоғары оқу орындарының студенттері оның лекцияларын тыңдады. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» дейді, бұл жағынан қарағанда Сәкеңнің арманы жоқ. Еліміздің журналистика факультеттері мен бөлімшелерінде «Шығармашылық шеберханасы» атты арнаулы курс ашылған, Сағымбай Қозыбаев шығармашылығы ол жерде де арнайы оқытылып, зерделенеді. Осылайша, Сағыбай Қабашұлы журналистика факультетінде үзбей еңбек еткен қырық бес жылдың ішінде өзінің үлкен ғылыми мектебін қалыптастырды. «Мен өзі мақтан сүйетін адам емес едім. Әрбір адам еккен ағашының жемісін көргісі келеді. Ширек ғасырдан астам уақыт бойы осы қасиетті білім ордасынан мыңдаған шәкірттер білім нәрімен сусындап шықты. Олардың барлығы ұлан-байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүр. Қай бұқаралық ақпарат құралдарының есігін ашпаңыз, алдыңыздан күлімдеп шәкірттерің шығады. Соларды көріп, бір марқайып қаласың. Еңбегіңнің еш кетпегеніне шүкіршілік етесің», – деген ұлағатты ұстаз сөзін¬де қарапайымдылық қағидасы жатыр.

Жаңалыққа жаны құмар, үнемі ізденісте жүретін елгезек ғалым журналистика тарихын зерттеуге көп уақытын жұмсады, ұлттық баспасөзіміздің ұмыт болған тұстарын ашты, тарихын түгендеді. Сағымбай Қабашұлының іргелі зерттеулерінің нәтижесінде республикалық «Корё ильбо» газеті өзінің алғашқы нөмірінің шыққан күнін 1937 жылдан емес, 1923 жылдан бастайтын болды. «Экспресс К» газеті де өз шежіресіне бірқатар өзгерістер енгізді. Бұл күнде үрдіске енген Халықаралық ғылыми конференция дегенді тұңғыш ұйымдастырушылардың бірі – Сағымбай Қозыбаев. Бұл туралы марқұм профессор Марат Барманқұлов «1988, 1990, 1992 жылдары Сағымбай Қабашұлы үш бүкілодақтық және халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. 1990 жылғы конференцияға КСРО-ның түкпір-түкпірінен 163 ғалым қатысты, мұндай алқалы жиынды абыроймен өткізу ердің ерінің ғана қолынан келеді ғой»» деген пікір жазып қалдырыпты. «Бүкілодақтық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны ол заманда ұйымдастыру оңай жұмыс болған жоқ. Сол кездегі халықаралық конференциялардың бірінде, жиын өтіп жатқанда электр жарығы өшіп қалды. Конференцияны тоқтату қаупі төнді. Амал жоқ, қалалық партия комитетіне шығуыма тура келді. Біреулердің іштарлықпен әдейі жасағанын артынан білдім», деп есіне алады Сағыбай Қабашұлы.

Профессордың зерделеуіне қарайтын болсақ, қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары Тәуелсіздік жылдарынан бері үш кезеңнен өткенін көруге болады. Алғашқысы – 1991-1994 жылдардағы кезең. Бұл кезде еліміздегі барлық салалар сияқты БАҚ-та аса үлкен дағдарысты бастан өткерді. Одан кейін нарықтық жүйеге бейімделу кезеңі болды. Қазіргі таңда қазақстандық БАҚ либералды кезеңге жетті. Тәуелсіздік алған жылы Қазақстанда тіркелген БАҚ-тың саны 600-дің шамасында болса, түрлі дағдарыс жағдайына қарамастан елімізде бірқатар ірі медиахолдингтер, медиаконцерндер құрылды. Сонымен қатар журналистерге қатысты ұйымдар да көбейді. Журналистер одағы, Журналистер академиясы, Журналистер конгресі, Медианет, Интерньюс, «Әділ сөз», «Медиа-Альянс» сияқты ұйымдар баршылық. Еуразиялық медиафорум да – қазақстандық БАҚ-тың беделіне оңтайлы әсер етіп жатқан жоба.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, профессор, Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаевтың өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан журналистика саласының майталманы екенін елдің бәрі біледі, бәрі мойындайды. Солай болуы тиіс те. Ол қолға алған қандай болмасын жұмыстары, қандай да бастамалары болмасын қашан да нәтижелі аяқталады. Сағымбай Қабашұлы бір өзі табанынан таусылып 2006 жылы «Қазақстан журналистикасының энциклопедиясын» шығарды. Көлемді ғылыми басы-лым 531 беттен тұрады, бүгінде бұл журналистер қауымы үшін құнды мұраға айналды. «Қазақстан журналистикасы энциклопедиясын» қазір журналистер даярлайтын жоғары оқу орындары оқу құралы ретінде игілікке жаратып отыр. Одан басқа, Қазақстандық саясат энциклопедиясының авторы. «Отандық журналистика тарихынан» – «Из истории отчественной журналистики» атты республикалық ғылыми-зерттеу журналының негізін салушы және бас редакторы «Справочник журналиста Казахстана» жобасының бас редакторы болды. С.Қозыбаевты қалың жұртшылық «Слово, ковавшее победу», «Радио в дни войны», «Четвертый фронт», «Аудитория – весь Казахстан», «Ядовитые стрелы», «Оборотни», «Очерки истории журналистики Казахстана», «Зеркало жизни», «Время – газетной строкой», «Моя Ленсмена», «Доброе имя народу», «Лики времени» және т.б. жарық көрген кітаптарының авторы ретінде таниды. Орыстілді оқырман Сағымбай Қабашұлының «Этюды на полях» деп аталатын жазбасымен жақсы таныс. Жинаққа негізінен «Новое поколение» газетінің бетінде жарық көрген эсселер топтастырылған. Жақында көрнекті публицист Сағымбай Қозыбаевтың «Люди мы, не боги» атты кезекті кітабы жарыққа шықты.

Кезінде марқұм Жұмабек Кенжалин ағамыз «Қажымайтын Қозыбаев» деген мақаласында Сағымбай Қозыбаев еңбектерін саралай келіп, «әсіресе, «Масс-медиа. Словарь-справочниктің» орны ерекше. Көлемі 720 беттен тұратын осынау энциклопедиялық басылымға үш мыңнан артық мақала енгізілген. Өзі басқаратын Қазақстан Журналистика академиясының жұмыс ауқымында атқарылған елеулі іс боп танылатын осынау энциклопедиялық басылым масс-медиялық анықтама сөздіктермен қоса теориялық түсініктемелерді қамтып қана қоймай, Қазақстандағы БАҚ саласындағы заңнамалық актілер туралы да мағлұматтар береді. Бұл ретте «Масс-медиа. Словарь-справочниктің» еліміздегі журналистика мамандығы бойынша дәріс алып жүрген шәкірттер үшін негізгі оқу құралына айналды», – деп жазды.

Сағымбай Қозыбаев маңдайтер, өнімді еңбегіне қарай көптеген марапаттар мен ғылыми атақтарға ие болған – Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері, алты мәрте Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Халықаралық Журналистер Федерациясының құрмет дипломының иегері, сондай-ақ ҚР саяси ғылымдар Академиясының академигі (1997) және оны ұйымдастырушылардың бірі болып табылады. Оның бастауымен Қазақстан журналистер Академиясы құрылып, өзі алғашқы президенті болған (2001). Академия тағайындаған «Алтын Жұлдыз» және «Алтын Самрұқ» сыйлықтары журналистиканың жоғары дәрежелі мемлекеттік сыйлықтары болып табылады. Сағымбай Қозыбаев – Қазақстан журналистика академиясының президенті. Осы академияның дүниеге келуіне, нәтижелі жұмыс істеуіне Сәкеңнің тынымсыз әрекеті түрткі болды. «Елде қазір әртүрлі газеттер, медиа корпорациялар, прессклубтар бар. Әрқайсы өзінше қыз¬мет атқарады. Солардың бәрінің басын қосатын, ақылдасатын ортақ жерлері болсын, бір-бірімен тәжірибе алмассын, бір-біріне ақыл қоссын деп осы академияны 2001 жылы құрдым. Академия жыл сайын журналистикада жарқырап көрініп жүрген, осы салаға елеулі еңбегі сіңген ұжымдарға, бағдарламаларға арнап «Алтын жұлдыз» атты арнайы жүлде тағайындайды. Айтулы азаматтарға арналған «Алтын самұрық» атты арнайы номинациясы да бар. Қазақстан журналистика академиясы мәртебелі ұйымға айналды. Соның басы-қасында жүрген академияның президенті Сағымбай Қозыбаев әркез өзінің тың бастамаларымен елдің алдында жүреді.

Білікті ұстаз, журналистиканың тарихын зерттеген ғалым, қамқоршы аға, қарымды қаламгер ретінде Сағымбай Қабашұлы туралы көптеген шәкірттері, қаламгер әріптестері БАҚ жариялады, естелік кітаптарына жазды, әлі талай жазылады да. Оның оқулықтары кейінгі шәкірттерге жол сілтейтін шамшырақ болып тарихта қалады. Бүгінде 75 жасқа келіп жатқан торқалы тойдың иесі, білім беру саласында елеулі істер атқарған журналистика жампозы, отандық БАҚ қызметкерлерінің ұлағатты ұстазы, бағдаршамы профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаевқа зор шығармашылық шабыт тілейміз! Абырой-беделіңіз арта берсін, дейміз.

**Қайыржан ТӨРЕЖАН**

**На факультете журналистики прошла Международная конференция, посвященная 75-летию общественного деятеля и писателя-журналиста Сагымбая Козыбаева**

# «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Жандану әлемі» қорының қолдауымен, «Жас Отан» жастар қанаты, ҚР Жазушылар Одағы және Алматы қаласы әкімдігі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне және Халықаралық студенттер күніне арналған «Мен жастарға сенемін!» атты студент жастардың жетінші патриоттық форумын өткізеді. Ақпараттық серіктесі – «Қазақ радиосы», «Нұрмедиа» холдингі.**




Форумды өткізу мақсаты - студент жастардың Қазақстан болашағына деген азаматтық жауапкершілігін көтеру және патриоттық сезімін арттыру.

Форумға төмендегі іс-шаралар кіреді:

- «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік әлеуметтік маңызы бар инновациялық жобалар байқауы;
- «Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе байқауы;
- «Мен жастарға сенемін!» тақырыбында студенттік поэзиялық азаматтық-патриоттық шығармалар байқауы;
- «Мәңгілік ел мұратым!» патриоттық ән байқауы;
- «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дың 85 жылдығына арналған» ең үздік шығармашылық туындыға байқау.

Форум екі кезеңнен тұрады:

I іріктеу кезеңі, бұл кезеңде қатысушылар байқау материалдарын ұйымдастыру алқасының пошталық адресіне mjskaznu@gmail.com 2019 жылғы 5 қарашасына дейін жіберулері қажет.

Тапсырыста келесі мәліметтер болуы тиіс: ЖОО-ның ресми атауы, студенттің (тердің) аты-жөні, байқау, мамандық, байқау жұмысының атауы, пошталық адрес, телефондары, электронды адресі.

Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

1. «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік инновациялық жобалар байқауына мемлекеттің, аймақтың немесе жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, экологиялық, әлеуметтік-маңызды мәселелерді шешуге бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жұмыстар қабылданады. Жоба қағазға басылған және электронды тасымалдаушыда ұсынылады (қағаз және электронды түрде).

Жоба қарастыратын идея мәні мен басымдығын толығымен ашуы және келесі бөлімдері қамтуы тиіс: титул парағы (ЖОО, бағыты, номинация, жоба авторы), жоба атауы, жоба маңыздылығы, жобаның мақсатты бағыты, жоба міндеттері, жалпы ой, жобаны жүзеге асыру формалары мен механизмдері, қормен қамтамасыз ету, күтілетін нәтиже, жобаны жүзеге асыру мерзімі. Жобаға қосымша ретінде жобалық қызметті суреттейтін фото, бейне, аудиоматериалдар, клиппингтер, жарнамалық және басқа да қажет материалдарды қолдану қошеметтеледі.

Жоба келесі критериялар бойынша бағаланады: жобаның инновациялығы, оның шындығы, түпнұсқалығы, шешімнің ерекшелігі, жобаны жүзеге асыру механизмі мен құралдарының нақтылығы, шығын үйлесімі мен жоба тиімділігінің оңтайлылығы, жоба болашағы.

2. «Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе (прозалық шығарма-пікір) келесі бөлімдерден құрылуы тиіс: титул парағы, мазмұны немесе орындалатын жұмыстың қысқаша жоспары, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Текст көлемі – 3-7 басылған парақ (Times New Roman, 14 шрифт, 1,5 интервал). Бағалаудың негізгі критерийлері: тақырыптың маңыздылығы мен толығымен ашылуы, идея түпнұсқалығы, ойдың дербестігі, оқырманға эмоционалды әсері.

3. «Мен жастарға сенемін!» тақырыбында өлеңдер байқауына әлеуметтік маңызды топ ретінде жастарға, олардың мемлекеттің дамуында орны мен рөліне, рухани-адамгершілік құндылықтарды бекітуге арналған авторлық өлеңдер қабылданады. Қорытындылау кезеңінде төмендегілер ескеріледі: стилистикалық сауаттылық, мағыналық толықтыру, байқау тақырыбына сәйкестілік, эмоционалдық әсер күші. Өлең көлемі – 8 тармақтан аса және 30 тармаққа дейін болуы тиіс.

4. «Мәңгілік ел – мұратым!» патриоттық ән байқауына бір немесе бірнеше қатысушының орындауында азаматтық-патриоттық тақырыптағы әндердің аудиобасылымдары қабылданады (мини-дискте, CD-дискте пошта немесе mp3 нұсқасындағы жазбаны электронды пошта арқылы). Бағалаудың негізгі критерийлері: дауыс ырғағының тазалығы; сахна мәдениеті; шығарманың байқау мазмұнына сәйкестігі, көркемдік бейне. Ақтық мәреде гала-форумда әндерді тек «минус 1» сапалы фонограммамен орындауға болады.

5. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 85-жылдығына арналған» ең үздік шығармашылық туындыға байқаудың құжаттары келесі бөлімдерден құрылуы тиіс: титул парағы, мазмұны немесе орындалатын жұмыстың қысқаша жоспары, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Текст көлемі – 3-7 басылған парақ (Times New Roman, 14 шрифт, 1,5 интервал). Бағалаудың негізгі критерийлері: тақырыптың маңыздылығы мен толығымен ашылуы, идея түпнұсқалығы, ойдың дербестігі, оқырманға эмоционалды әсері.

Іріктеу кезеңінен өткен қатысушыларға GALA-форумға шақыру жіберіледі.

Жүлдегерлер дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Бірінші орынға ие болған байқау қатысушыларының бас жүлдесі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу гранты. Байқаудың үздік материалдары арнайы студенттік жұмыстар жинағында жарияланады.

ДЕНСАУЛЫҚ

# МЕДИЦИНА САЛАСЫНДАҒЫ ТУРИЗМ ДАМЫП КЕЛЕДІ

**Шығыстану факультетінде өзге факультеттерге қарағанда студенттер саны осыдан 10 жыл бұрын өте аз болатын. Шығыс елдерінің мәдениетіне, тілдеріне, тарихына деген қызығушылық күн санап артқан сайын, студенттер саны көбейіп келе жатыр. Жапон, корей, қытай тілін меңгеріп қана қоймай, сол елдің дінін, тарихын, мәдениетін білу шығыстанушылардың артықшылығы деп айтуымызға болады.**




Әр жыл сайын жас мамандар бітіріп, өздері қалаған жұмыс орындарында қызмет етеді. Талаптың жоғары болғанына қарамастан ҚазҰУ-дың түлектері елшілік, министрліктік және LG, Samsung секілді аты әлемге әйгілі компанияларда жұмыс жасайды. Халықаралық EXPO, Универсиада, Азиада сияқты ірі шараларда еріктілер болып факультетіміздің студенттері қызмет атқарды. Одан бөлек, шығыстану факультетінің, Қиыр Шығыс кафедрасы, корей бөлімінің студенттері жыл сайын медициналық туризмге жалпы туризмге қатысты көрмелерде аудармашы қызметін атқарып екі ел арасында алтын көпір болып жүр.

Оңтүстік Кореяның мәдениеті қызықтырғаны соншалық, «Күн Шығыс еліне» баратын туристтер саны көп. Туристтерге қарағанда қазіргі таңда, Оңтүстік Корейада ем алушылар саны да артуда. Оған себеп, еліміздің онкология бойынша аурудан көш бастап тұруында, сондықтан Оңтүстік Кореяның онкологияны емдеумен айналысатын ауруханаларында отандастарымыз әлі күнге дейін ем алып жатыр. Солардың бірі, «Асан» медициналық орталығы. Бұл орталықта 9000 жуық қызметкерлер қызмет етеді.

Әлем бойынша, онкологияны емдеудегі жетістіктері үшін 2018 жылғы жүргізілген статистика бойынша Америка мен Германияны басып озып, бірінші орынды иеленді. Бұл дегеніміз Оңтүстік Кореяның медицинасының қандай деңгейде қарқынды дамығандығын көрсетеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті, Қиыр Шығыс кафедрасы, корей бөлімінің студенттері медициналық менеджерлер қызметін де атқарады. «Асан» медициналық мекемесі тек науқастарды емдеп қана қоймай, Қазақстандық дәрігерлер мен медицина университетінің студенттерін тағылымдамадан өтуге арнайы бағдарлама ұсынады. Бұл бағдарлама аясында, дәрігерлер мен медицина университетінің студенттері тегін тағылымдамадан өтумен қатар, шәкіртақы иегері атануға толық мүмкіндік алады. 2014 жылдан бері шетелдік тағылымдамадан өткен дәрігерлерді жыл сайын «Асан» медициналық орталығы Алматы қаласында арнайы кеш ұйымдастырып, дәрігерлермен қайтадан бас қосады. Мұндағы мақсат арадағы сыйластықты одан ары нығайтып, екі ел арасындағы медицинаны дамыту болып табылады.

***Гүлмира ТӘЖІҒҰЛОВА,***
*шығыстану факультетінің 2-курс магистранты*

***ҚазҰУ-да журналистика факультетінің түлегі Саид Самим Фарамарзға арналған «Ауғанстандағы журналистика» атты Қазақстандағы ауған жастары күні өтті***

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗҰУ-ҒА КЕЛДІ













ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Қайыржан ТӨРЕЖАН
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №1676

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.